

Өтелген кепілдерді ұсыну талаптары

Өнім түрі	<p>Өтелген кепіл:</p> <ul style="list-style-type: none"> ➤ Тендерге қатысу; ➤ Шарт/Келісім бойынша міндеттемелерді орындау; ➤ Кеден салықтарын төлеу бойынша; ➤ Демпинг бағасы бойынша; ➤ Туроператорлар және туроператор-фрахтаушы; ➤ Төлем; ➤ Аванстық төлемді қайтару.
Кепіл валютасы	KZT
Кепілсалым сомасына сыйақыны есептеу	Жоқ
Клиентке (Принципалға) қойылатын талаптар	<p>1) Банкте ағымдағы шоттың болуы;</p> <p>2) Клиенттің банктік шоттарына қатысты мерзімінде төленбеген төлем құжаттарының жоқ болуы, клиенттің бюджет алдындағы берешегінің жоқ болуы, оның ішінде ақша жіберушінің акцептін, сонымен қатар шығын операцияларын тоқтату туралы өкімдердің және тыйым салуды талап етпейтін;</p> <p>3) Клиенттің Банктегі ағымдағы шотында Кепіл сомасына тең соманың және Кепілді беру үшін Банктің комиссия сомасына тең ақшаның болуы;</p>
Сатып алу түрі	<p>1) мемлекеттік сатып алу;</p> <p>2) «Самұрық-Қазына» ҰҰАҚ» АҚ және Қорға тікелей немесе жанама түрде (қатысу үлесі) елу және одан да көп процентінің дауыс беру акциялары бар ұйымдар өткізетін сатып алу;</p> <p>3) коммерциялық сатып алу.</p>
Кепілдің ең төменгі сомасы	Шектеу жоқ
Кепілдің ең жоғарғы сомасы	<p>1) Өнім шектеулері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - бір кепілдік үшін 300 000 000 (үш жүз миллион) теңгеден аспайды; - ағымдағы кепілдіктер бойынша бір клиентке 300 000 000 (үш жүз миллион) теңгеден аспайды. - корпоративтік бизнес сегментінің клиенттері үшін шекті сомаға шектеусіз. - Банкпен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғалар үшін жеңілдікті шарттардысыз 20 000 000 (жиырма миллион) теңгеден аспайды. <p>Бұл ретте бұл шек уәкілетті мемлекеттік органның тиісті нормативтік құқықтық актісінде белгіленген лимитке сәйкес өзгертілуі мүмкін.</p> <p>2) Сату арналары бойынша шектеулер:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Өнім шектеулеріне сәйкес БСБ/БҚКО/Bank веб-сайты; МИБ/ ИБ өнім шегінде бөлек әкімшілік құжатпен анықталады.

Кепілдің әрекет ету мерзімі	<p>Шартқа/Келісімшартқа/конкурстық/тендерлік/басқа құжаттамаға/Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес.</p> <p>Міндеттемелерді орындаудың кепілдік әрекет ету мерзімі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - егер келісімшартта/шартта мерзім белгіленсе, онда міндеттемелерді орындаудың кепілі әрекет ету мерзімі келісімшартты/шарты орындау күнінен бастап плюс 1 (бір) жыл мерзімінде бекітіледі; - егер мерзім ретінде «міндеттемелерді толық орындағанға дейін», онда міндеттемелерді орындаудың кепілі әрекет ету мерзімі кепіл міндеттемесі шығарылған күннен бастап 2 (екі) жыл мерзімінде бекітіледі). <p>Мерзімсіз Кепілдер мемлекеттік және Қор және Қорға тікелей немесе жанама түрде (қатысу үлесі) елу және одан да көп процентінің дауыс беру акциялары бар ұйымдар өткізетін сатып алу бойынша міндеттемелерді орындаудың кепілдерден басқа шығарылмайды, олар Принципал міндеттемелерді толық орындағанға дейін әрекет етуі мүмкін.</p>
Комиссиялар	Кепіл сомасының 0,2 %, ең кемі 10 000 теңге;

Қажетті құжаттардың тізімі*

Кепіл беруші үшін қажетті құжаттардың тізімі (Банк филиалы арқылы кепілдік беру кезінде)
<p>➤ Клиенттің Бенефициар алдындағы міндеттемелері бойынша Банкке кепілге ақшаны беру туралы Кепіл берушінің уәкілетті органының (заңды тұлғаның) шешімі (хаттама) (түпнұсқа), бұл шешімді орындау мақсатында Кепіл беруші атынан құжаттамаға қол қоюға уәкілетті тұлғаларды көрсете отырып/ақшаны кепілге тапсыруға және банктік шотты тура дебеттеуге Кепіл берушінің жұбайының (жолдасының) нотариалды куәландырылған келісімі (егер Кепіл беруші жеке кәсіпкер/Жеке тұлға болса), егер Клиент Банк алдындағы міндеттемелерді орындамаса/тиісті түрде орындамаса;</p>
<p>➤ Өтелген кепілді шығаруға өтініш (түпнұсқасы);</p>
<p>➤ Конкурстық/тендерлік/шарт немесе басқа құжаттама (көшірмесі/түпнұсқасы немесе электронды түрде жіберіледі)</p>
Егер Клиент бейрезидент болса, онда келесі құжаттар ұсынылады:
<p>➤ Клиент мемлекетінің уәкілетті органы берген Бейрезидент заңды тұлғаның статусын куәландыратын құжат (көшірмесі) – Банкте бұл құжат болса, ұсынылмайды</p>
Кепіл беруші ретінде үшінші тұлға болса немесе БК сенімді тұлға алса, қажет болатын құжаттар:
<p>➤ Кепіл беруші – жеке тұлға бойынша – жеке басты куәландыратын құжаты;</p>
<p>➤ Өтелген кепіл үшін ақша кепіліне жұбайының (жолдасының) нотариалды куәландырылған келісімі (ЖК, кәсіби медиатор, жеке сот орындаушысы, адвокат немесе жеке нотариус үшін)</p>
<p>➤ Кепіл беруші тиісті құжаттарға қол қоюға уәкілетті еткен тұлғалардың жеке куәліктері</p>
<p>➤ Сенімхат және кепілді алу түпнұсқасында тексерілгені туралы белгісі бар жеке куәліктің көшірмесі (қажет болса)</p>

Ескертпе: бұл Тізімдеме соңғы емес, Банк Клиенттен қосымша құжаттарды сұратуға құқылы, соңғы меншік иесіне дейін ақпаратты жеткізу мақсатында.